



**БҮЙРЫҚ**

22.09.2025

Ақтөбе қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 435

город Ақтөбе

**Білім беру ұйымдарында қаражат  
жинауға тыйым салу, сыйбайлас  
жемқорлықтың алдын алу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына және «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің бүйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, басқармаға ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:
  - 1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға тыйым салынып;
  - 1.2. Қаражат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары күштейтілсін;
  - 1.3. Білім беру ұйымдарына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындастын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін;
  - 1.4. Ротация тәртібімен ауысқан білім беру ұйымдары басшыларының командалық ауысуына жол берілмесін;
  - 1.5. Электрондық қолтаңбаны пайдалану және оларға қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын алу мақсатында электрондық қолтаңбасы орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің қолдануына беруге қатаң тыйым салынып;
  - 1.6. Сыйбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуды бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдансын.
2. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасарлары Н. Бертилеуоваға, А. Тындыбаеваға жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім  
басқармасы» ММ басшысы

Б.Күзембаева

003310